

ҒТАМР 16.21.33

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ҚОЛЖАЗБАСЫ: ТІЛДІК ТЕНДЕНЦИЯЛАР ТҮРҒЫСЫНАН ЗЕРТТЕУ

Б.А. ЕРДЕМБЕКОВ^{1[000-0003-0503-4640]}, **Е. ШЫНАТАЙ**^{2[0000-0002-7554-8949]*},

Н. ТЫНЫШБАЙ^{2[0000-0002-6623-6791]}

¹Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, Семей, Қазақстан,

²Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан

*e-mail: Elimai_03@mail.ru

Бұл мақаланы БҒМ АР09562413 қаржыландырады

Андатпа: Мақалада Абай шығармаларының қолжазбасы, нұсқаларындағы ерекшеліктер, олардың текстологиясы мен зерттелуі, оның ішіндегі Мүрсейіт нұсқасының кирилл графикасында транскрипциялануы, оның маңызы мен өзектілігі, қолжазбаның тілдік ерекшеліктерін зерттеу мәселесі қарастырылады. Қолжазбаны әдеби материал ғана емес, тілдің даму тенденциясын көрсететін тілдік материал ретінде ғылыми айналымға енгізу мақсат етіледі. Абай шығармалары, оның қолжазбадағы көрінісі мен текстология мәселелері қазіргі тілдік тенденциялар тұрғысынан қарастырылып, жазба тілдің қалыптасу, даму көрінісі сипатталып, қолжазбаны оқуда жіберілген олқылықтар шешімін табуға ықпал етері анық. Сонымен қатар отандық төл транскрипциялау жүйесінің жай-күйі, шағатай, араб графикасымен берілген қолжазба мәтіндерді оқудағы қиындықтар туралы сөз етіледі. Қолжазба мәтінінің Абай дәуіріне тән орфографиялық, орфоэпиялық, фонетикалық, грамматикалық, стилистикалық ерекшеліктері зерттеледі. Атап айтар болсақ, сөздердегі африкаттардың қолданысы, түбірге жалғанған жалғаулардың буын үндестігіне бағынбай жалғануы немесе әркелкі жалғануы сынды бірқатар мәселелер қарастырылып, мысалдар арқылы дәлелденді. Сонымен бірге мақалада 1905, 1907, 1910 жылдардағы Мүрсейіт Бікіұлы қолынан шыққан қолжазбаларды қазіргі кирилл графикасына транскрипциялап, ғылыми көпшіліктің назарына ұсыну мәселесі ғылыми айналымға ұсынылып, жолға қойылып отыр.

Түйін сөздер: Абай, Абайдың 175 жылдығы, Абай шығармаларының қолжазбасы, транскрипция, қолжазба, тілдік тенденциялар

Кіріспе. Абай шығармаларын зерттеуде қолжазба мәселесі – жан-жақты зерттеуді қажет ететін күрделі тақырып. Оның ғылыми айналымға енуі, зерттелуі, канондық негізі сынды мәселелер – бүгінгі абайтану ғылымның көкейкесті тақырыптары.

Негізгі бөлім. Тарихтан жәдіргер боп бүгінге «ақынның қолымен жазылып қалды» деген үш хат және «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» шығармасының бір бөлігі ғана сақталып жетті. Басқа төл қолжазбалары бар болса да құпия тағдырдың құшағында қалды.

Абай шығармалары өзінің көзі тірісінде-ақ қолжазба түрінде жинақталып, орыс ғалымдары арқылы Мәскеу, Санкт-Петербург, Омбы мен Томск қалаларындағы үлкен

кітапханаларға түсе бастаған. Академик Ә.Марғұлан Шоқан мұраларын зерттеу барысында осы кітапханаларда сақталған Абай шығармаларының князь В.Кудашев, С.Шорманов, Г.Потанин және Н.Коншин нұсқасын тапқан.

Заманында Абай шығармаларын қолжазба күйінде көшіріп, халыққа таралуына көп еңбек еткен бір топ таратушы адамдар болды. Олар, ең әуелі, Абайдың ұдайы қасында болған Көкбай, Ақылбай, Мағауия мен Кәкітайлар. Одан кейін Қазаннан, әскерлік қызметтен қашып келіп, Абайға туысқан-дос болып кеткен Ғабитхан, Кішкене молда (Мұхаммет-Кәрім), Махмуд (Кішкене молданың баласы) және қазақтан шыққан Мүрсейіт, Самарбай, Ыбырай, Хасен, Дайырбай сияқты ауылдарда бала оқытушы молдалар.

«Қазір Абайдың басылып жүрген таңдамалы өлеңдер жинағы немесе толық жинақтары болса, барлығында да біздің асыл нұсқа есебінде сүйенетініміз – сол Мүрсейіттің көшірмелері», – деп академик-жазушы М.О.Әуезов ақын шығармаларын көшіріп-таратып, кейінгі буынға жеткізушілер арасында Мүрсейіт еңбегінің айрықша екенін атап көрсетеді [1, 86]. Ал Мүрсейіттің аты-жөні хақында өлкетанушы Ә.Медеуханұлы баспасөз беттерінде біраз жорамалды пікірлер айтты. Бірақ Мүрсейіт өзі көшірген 1905 жылғы қолжазбада «Мүрсейіт Бікімүсірімғұлы» деп өз қолымен жазған.

Абайдың тарихи-мемлекеттік әдеби-мемориалдық қорық мұражайында көп жылдар қызмет істеген, белгілі әдебиет зерттеушісі М.Бейсенбаев Мүрсейіттің әулет шежіресін былай таратады: «Мүрсейіттің жетінші атасы – Әнет баба. Әнет баба Абайдың жетінші атасы Әйтекпен бір туысады. Әнеттің бір ұлы – Байболат. Байболаттан – Бақай. Бақайдан – Тоққожа. Тоққожадан – Көбікен. Мүрсейіттің әкесі – Бікі осы Көбікеннің немересі» [2, 40].

Оның Абай шығармаларын көшіре бастауы туралы заңғар жазушы М.Әуезов «Абай Құнанбаев» атты монографиясында: «Бірде Абай Мүрсейіттің балаларға жарапазан өлеңін жазып бергенін байқап, сен ақын екенсің, оның үстіне жазуың құсыни көрінеді. Сен бүгіннен бастап менің барлық өлеңдерімді жинап жаза баста, қолақыңды өзім төлеп тұрам» дейді. Содан бастап Мүрсейіт ел арасынан ақын жинап, жаза бастайды. Өлең жазылған дәптерді қолқалап, қалаушылар көбейген соң, Абайдың рұқсаты бойынша еңбек ақысын алып, жазып беретін болған» [1, 89].

Абай шығармалары негізгі бөлігі де осы Мүрсейіт қолжазбалары арқылы жетті. Ал Абайдың өлеңдерін оның қалай жинап жазған тарихын оқушы көпшілік әлі жете біле бермейді, сондықтан ол туралы айтылған мына деректік материалды бере кету қажет.

Ал осы Мүрсейіт көшірген қолжазбалардың бүгінге дейін нешеуі жеткені туралы нақты дерек кездеспейді. Тек Абай мұражайында көп жылдар ғылыми қызметкер болған белгілі әдебиет зерттеушісі М.Бейсенбаевтың санауы бойынша, «Мүрсейіт көшірген» дейтін өлең

дәптерден бергі уақытқа дейін жеткенінің саны бесеу», – деген мәлімет келтіреді [2, 41]. Бірақ ғылыми-көпшілік қауымға белгілісі – үшеу. 1905 және 1910 жылғы жазылған қолжазбалар – қазірде Ғылым ордасы Орталық ғылыми кітапханасы сирек қолжазбалар қорында, 1910 жылғы қолжазба – М.Әуезов мұражай-үйінің сирек қорында сақталған.

ҚР ҰҒА сирек қорына тапсырылған 1905 жылғы қолжазбаның титул беті жоқ. Ақ-сары қағазға жазылып бірінші бетіне желіммен кейін жапсырылған парақта: «Абай өлеңдері. Абайдың әдеби хатшысы Бікеұлы (дұрысы Бікіұлы – құраст.) Мүрсейіт көшіріп жазған. 1905 жыл. 1/XI.61 /қолы/» деп жазылған. Бұл жерде Мүрсейіт Бікіұлын Абайдың «әдеби хатшысы» деу бір заманғы ғылыми және әдістемелік қате екенін айрықша ескерген жөн. 1945 жылдарға дейінгі Абай туралы жазылған зерттеулер, естеліктер мен Мүрсейіт өзі көшірген өз қолжазбасыда да «Абайдың әдеби хатшысы Мүрсейіт» деген ресми сөз кезікпейді.

Абай шығармаларының Мүрсейіт Бікіұлының қолымен жазылған 3 нұсқасы ғылыми айналымда жүргені белгілі: көлемі 200 беттік 1905 жылғы, 232 беттен тұратын 1907 жылғы және 1910 жылғы 204 беттік қолжазба [3]. 1910 жылғысы – Мүрсейіттің соңғы қолжазба нұсқасы. Осы үш қолжазба да ескі арабша емлемен жазылған. Қолжазбадағы өлеңдердің барлығы дерлік қайталанатын. Үш қолжазбада да шығармадағы сөздер мен сөйлемдер әртүрлі оқылатын тұстар орын алады.

2005 жылы жарық көрген Абай шығармаларының 2 томдық толық жинағында текстологиялық жағынан туындаған мәселелер тексеріліп жарияланды. Десек те қолжазба мәтінін тек қана әдеби мәтін тұрғысынан ғана емес, тілдік материал ретінде қарастыру мәселесі де бар. Бұл ретте қолжазбадағы ақын шығармалары кирилл графикасына транскрипциялау проблемасы алға шығады. 1905, 1907, 1910 жылғы нұсқасының қайтадан оқылуының ерекшелігі – сол кездегі емле-ерекшеліктерінің сақтала отырып транскрипциялануында. Бұл өз кезегінде сол кездегі әдеби тілдің қалыптасу нормаларын, тілдік, емлелік ерекшеліктерді зерттеуге, қазіргі тілдік тенденциялармен салыстырып, грамматикалық тұрғыдан талдау жасауға мүмкіндік береді.

Бізге қолжазба күйінде жеткен Абай мұрасы замана өткен сайын тек әдеби талдауды ғана емес, тілдік мұра ретінде де талдауды қажет етеді. Мүрсейіт қолжазбасын сол кездегі түпнұсқа орфографиялану принциптеріне сәйкес транскрипциялау көзделеді. Бұл өз кезегінде Абай шығармаларының әдеби мұра ғана емес, тілдік материал ретінде зерттеу объектісіне алынуына жол ашады. Бұл Абай дәуіріндегі қазақ орфографиясы мен орфоэпиясының түрлі заңдылықтарын, қазақ тіліне басқа тілдердің ықпалы мен ана тіліміздің даму тенденциясын көрсетуге және зерттеуге септігін тигізеді. Қазіргі таңда қазақ жазба әдебиетінің бастауы

саналатын Абай шығармашылығын тілдік тұрғыдан кең ауқымда зерттеу аса өзекті мәселе болып отыр.

Қолжазба араб әліппесі негізге алына отырылып жазылған (1-кесте). Парсы тілінің «ч» дыбысы алынған және қазақ тіліндегі «ң» дыбысын беру үшін екі фонема қолданылған. Түрік, неміс түрколог ғалымдарының салып кеткен транскрипция әліпбилері бар. Бұл жүйе біздің түркология ғылымында қалыптаспаған, бірізділік жоқ. Араб тілінде син, сад, се қаріптері бір қарағанда дыбысталуы бірдей, барлығы с болып оқылғанымен, өзіндік дыбысталу ерекшеліктері бар. Син – жіңішке, сад – жуан, се көмес дыбысталады. Бұл ерекшеліктерді кәнігі әліпбиіміз бере алмайды.

Жалпы мәтін арабша сөз тіркестері мен хадистерден келген мысалдар болмаса, харекесіз. Бірақ әууәл сөзі үнемі шәддәлі келеді. Себебі бұл жердегі жазушының мақсаты жазылуы бірдей болып келетін ол (اول) сөзі мен әууәл (أول) сөзін айырып көрсету болып табылады. Одан басқа құл (61/09), хұлқ (66/01, 68/22) сынды сөздер де жазылымдары ұқсайтын сөздерден ажырату мақсатында харекемен ерекшеленген.

1-кесте. Қолжазбадағы әліпби транскрипциясы

ا	а, ә	ط	т (жуан)
ب	Б	ظ	З
ت	т (жіңішке)	ع	‘
ث	с (көмес)	غ	Ғ
ج	Ж	ف	Ф
ح	Х	ق	Қ
خ	Х	ك	к, г
	Ч		
د	Д	ل	Л
ذ	з (көмес)	م	М
ر	р	ن	Н
ز	З	و	о, ө, у, ұ, ү (сөздің ортасында, соңында), в
س	С	ه	Е
ش	Ш	ي	и, й
ص	с (жуан)	او	о, ө, у, ұ, ү (сөздің басында)
ض	З	نك	Ң

Мүрсейіт қолжазбаларының тілдік ерекшеліктеріне келер болсақ, қолжазбадағы шығармалар сол дәуірдегі орфоэпиялық нормалар, соның ішінде ерін үндестігі сақталып хатқа түскен. «Қартайдұм», «ойладұм», «көтерүп», «тұумақ» деген сөздердің таңбалануы сөзімізге дәлел бола алады. Сонымен қатар қолжазбада Ч аффрикатының жиі қолданылуы көрініс табады: *өрчіленбек, чочұймұн*.

67/17 Қабаған итче өчүгүп чыга келер = Мен қапсам тап бір жерің бөксерем-деп

Ч дыбысы қазіргі көптеген түркі тілдерінде де (қырғыз, түрікмен, өзбек, ұйғыр, азербайжан т.б.) жиі қолданылады. Ч дыбысы көбіне говорларда кездеседі, ол бұрын түркі тайпаларының сөйлеуінде ч дыбысының көп пайдаланғанның айғағы, бірақ ч дыбысын ш дыбысы бірте-бірте ығыстырып тастаған көрінеді. Ч дыбысының бұрыннан бері говорларда қолданылып жүргеніне қарамастан, кирилицаға көшкенге дейін қазақ тілінде ч дыбысының таңбалауы болған емес. Ч фонемасы сөздің басында кездеседі, көбіне Жетісу, Манғышлақ, Шығыс Қазақстан облысындағы кейбір аудандарында тұратын адамдардың ауызекі сөйлеу тілдерінде кездеседі. Әрине, бұл сол кездегі Семей өңірінің тілдік ерекшеліктеріне тікелей байланысты.

Зерттеуші ғалым С.Е.Малов: «Древние языки следующие: караимский, огузский, половецкий, саларский, тофомарский, тувинский, узбекский, уйгурский: а) новоуйгурский; б) древнеуйгурский; в) язык желтых уйгуров, хакасский, чагатайский, шорский. В отношении начальных звуков слова можно сказать, что в древних языках преобладали глухие, как и в других случаях. Относительно «й» – дж, ч, ш, ж я могу сказать предположительно, что более древними здесь были щипящие и свистящие звуки дж, ч, ш, звук же «й» был в очень малом и редком употреблении (в начале слов), в письменном языке древних тюрок и у ближайших их теперь по языку – желтых уйгуров» [4, 141].

М.Томанов: «В, ф, х, ц, ч, щ дауыссыздары осы дыбыстар айтылатын сөздермен бірге орнықты... Ч аффрикаты сөйлеу тілінде бұрыннан бар дыбыс. Бірақ әдеби тілде ол дыбыс интернационалдық сөздермен бірге келіп орнықты» [5, 41] десе, тілші ғалымдар Ғ.Қалиев пен Ш.Сарыбаев 1967 жылы шыққан «Қазақ диалектологиясы» атты еңбектерінде ч дыбысының қазақ тілінде орыс тілінің әсерімен пайда болғанына қайшы келіп, ч дыбысының қазақ тілінде бұрыннан бар екенін айтады да, тарихи жазба нұсқаларға қарағанда оның көне түркі тілдерінде кең тарағанын алға тартады: «V-VII ғасырлардағы Орхон-Енисей жазуларында – чур (титул-оғлан чу), чаб (даңк), чығай (кедей), ічрә (ішкі), көнлүнчә (көңілінше). XI ғасырдағы Махмұд Қашқаридің сөздігінде чадан (шаян), чечек (шешек), черіг (шерік), күч (күш), сол XI ғасырдан қалған «Құтадғұ білігте» чін (Қытай), чүн (шын), чүк (шык) т.б. сөздерді кездестіреміз» [6, 19].

Жалғаулардың дыбыс үндестігіне сәйкес келмеуі шағатай бөлігінде көрінеді: махаббатландырмек (2/06), хұплегенін (8/04), дүниелық (10/14), нақлийаге (11/04). Бұл көбінесе кірме сөздерде көрінеді және шағатайша мәтіндер үшін қалыпты құбылыс. Екі түрлі жалғаудың қолданылуы, тіпті, бір сөйлемнің бойында да көрініп жатады: «Кең Хұдай өзі кеңшілігі-менен кечет-тағы, кезі келіп тұрғанда (49/04) мұны жіберіп болмас-деп, дүниеге керектіні алса, енді ол кісі жанын берсе, ахиретті дүниеға (49/05)».

Кейбір қазақша сөздердің жазылуында бірізділік жоқ: қиын (4/09), қыйұн (2/18); ғана (2/09), гәне (5/22); басқа (6/13), башқа (5/22) т.б. көбінесе «син» қарпімен жазылған болса сөзі бір жерде (5/03) «сад»-пен жазылған.

Тіпті, бір сөйлемде екі түрлі жазылымдар да көрініп жатады: «Шол өсүп-өну йолындағы адам-ның талаб/талап қылып (14/17) ізленер, қарызлы ісі-нің алды – әууәл **дост** көбейтмек, ол **досын** көбейтмек-нің (14/18) табылмағы өзің өзгелерге қолыңнан келгенче **достлық** мақамында болмақ; кімге 14/19 достлығың болса, достлық достлық чакырады (14/20)». «Бұл өзін-өзі (14/22) артық көрсетмек екі түрлі: әууәлгісі – һәрбір **йаманчылық-ның** йақасында тұрұп, адам- (14/23) ның адамлығын бұзатұғұн **жаманчылықтан** бойын жимақлық, бұл адамға нұр болады (14/24)».

Қорытынды. Жоғарыда келтірілген мысалдардан Абай дәуіріндегі қазақ әдеби тілінің бір жүйеге түсе қоймағандығы, нормаланудың алғышарттарының белгісі аңғарылады.

Абайдың 175 жылдығы кең ауқымда аталып өтіліп жатқандықтан, қазіргі таңда ақын шығармаларын жаңаша зерттеу, тілдік тұрғыдан баға беруге баса назар аударылуда. Қолжазбадағы ақын шығармаларының тілдік тенденциялар тұрғысынан зерттелуі қазақ лингвистикасына, оның ішінде текстология мәселелеріне қомақты материал болады. Бұл абайтану, текстология саласының дамуына өз әсерін тигізеді.

Бұрынғы мәтіндер қазіргі қазақ тіліндегі емле ерекшеліктеріне сәйкес транскрипцияланса, ұсынылған нұсқада сол кездегі таңбалар сақталып, кириллицаға көшіріледі. Бұл қолжазбаны жазушының сол кездегі тілдік ерекшеліктері мен стильдік айырмашылықтарды сақтап, дәл сол қалпында жеткізу мақсатында жасалады. Зерттеу барысында қолжазбаларды транскрипциялауда қазақтың төл транскрипциялық жүйесін қалыптастыруға қадам жасалды. Себебі қазіргі таңда төл транскрипциялық жүйеміз толық қалыптаса қойған жоқ.

Жалпы отандық түркология жөнінде сөз қозғар болсақ, ескі мәтіндер мен түпнұсқа қолжазбаларды оқитын мамандардың жетіспеуі, тіпті оларды дайындайтын кадрлардың да аздығы қазіргі таңда өзекті мәселеге айналып отыр. Дегенмен сүйіншілер жаңалық та жоқ емес. Жас мамандар қатары толығып, отандық түркологияға жаңа леп әкелуде. Өңірімізде де

ондай леп байқалады. Ақтөбе облысындағы беделді университеттердің бірі Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетіне гуманитарлық ғылымдар магистрі, Стамбул қаласының Мемар Синан көркем өнер университетінде «Ескі түркі тілдері» мамандығы бойынша білім алған жас маман Тынышбай Нұрбике келіп қосылып, отандық түркологияға өз үлесін қосуға талпынып отыр. Біз де абайды зерттеуші аға буын ретінде жас талаптың талантын қолдап, талабын ұштауға бекініп отырмыз.

Ғылыми айналымға енгелі отырған нұсқаның транскрипциясы қолжазбалардың тілдік тенденция тұрғысынан жаңаша зерттеліп, тілдік материал ретіндегі өзектілігін арттырып, төл транскрипциялық жүйеміздің қалыптасуы мен ескі мәтіндерді оқитын мамандардың сұранысқа ие болуына септігін тигізеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық жинағы. – Алматы, 2014. 15-т. – 296 б.
2. Абайдың әдеби хатшысы: Зерттеу мақалалар мен естелік пікірлер. – Семей, 2009. – 196 б.
3. Марғұлан Ә. Абайдың жаңа табылған қолжазбалары // «Қазақ ССР ҒА хабарлары» журналы. – 1955. - №5. Б.27-43; Социалистік Қазақстан. – 1955, 21 қыркүйек. Марғұлан Ә. Абайдың Ленинградтағы қолжазбасы // «Әдебиет және искусство» журналы. – 1957. - №3. Б.86-89. Марғұлан Ә. Абай қолжазбасы // Қазақ әдебиеті. – 1963, 16 тамыз.
4. Малов С.Е. Древние и новые тюркские языки // Известия Академии Наук ССР, том XI. «Отделение литературы и языка», 1952, № 2 март-апрель. – 141 с.
5. Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы: Мектеп, 1988. – 221 б.
6. Қалиев Ғ., Сарыбаев Ш. Қазақ диалектологиясы. – Алматы: Мектеп, 1967. – 200 б.

References

1. Auezov M. (2014). Shygarmalarynyn elu tomdyk zhinagy [Collection of works in Fifty volumes]. Almaty [in Kazakh].
2. Abaidyn adebi hatshysy: Zertteu makalalar men estelik pikirler (2009). [Abay's literary secretary: research articles and memorable reviews]. Semey [in Kazakh].
3. Margulan A. (1955, 1957, 1963). Abaidyn zhana tabylgan kolzhazbalary [New found manuscripts of Abai]. Almaty [in Kazakh].
4. Malov S.E. (1952). Drevnie i novye tyurkskie yazyki [Ancient and new Turkic languages]. Moscow [in Russian].
5. Tomanov M. (1952). Kazak tilinin tarihi grammatikasy [Historical grammar of the Kazakh language]. Almaty [in Kazakh].

6. Kaliev G., Sarybaev SH. (1967). Kazak dialektologiyasy [Kazakh dialectology]. Almaty [in Kazakh].

РУКОПИСЬ ПРОИЗВЕДЕНИЙ АБАЯ: ИССЛЕДОВАНИЕ С ТОЧКИ ЗРЕНИЯ ЯЗЫКОВЫХ ТЕНДЕНЦИЙ

Б.А. ЕРДЕМБЕКОВ¹, Е. ШЫНАТАЙ^{2*}, Н. ТЫНЫШБАЙ²

¹Университет имени Шакарима города Семей, Семей, Казахстан,

²Актюбинский региональный университет имени К.Жубанова, Актюбе, Казахстан,

*e-mail: Elimai_03@mail.ru

Аннотация: В статье рассматриваются особенности рукописных версии произведений Абая, их текстология и изучение, в том числе транскрипция Мурсеитского варианта на кириллической графике, его значение и актуальность, проблема изучения языковых особенностей рукописи. Предполагается введение рукописи в научный оборот не только как литературного материала, но и как языкового материала, отражающего тенденции развития языка. Произведения Абая, его отражение в рукописи и проблемы текстологии рассматриваются с точки зрения современных языковых тенденций, описываются формы становления и развития письменного языка. Также речь пойдет о состоянии отечественной системы транскрипции, трудностях в чтении рукописных текстов с чагатайской, арабской графикой. Изучаются орфографические, орфоэпические, фонетические, грамматические, стилистические особенности рукописного текста, характерные для Абайской эпохи. В частности, был рассмотрен и доказан на примерах ряд вопросов, таких как использование аффрикатов, трудности в правописании суффиксов.

Ключевые слова: Абай, 175-летие Абая, рукопись произведений Абая, транскрипция, рукопись, языковые тенденции

THE MANUSCRIPT OF ABAY'S WORKS: A STUDY FROM THE POINT OF VIEW OF LANGUAGE TRENDS

B. A. YERDEMBEKOV¹, E. SHYNATAY^{2*}, N. TYNYSHBAY²

¹Shakarim University of Semey, Semey, Kazakhstan,

²K. Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan

*e-mail: Elimai_03@mail.ru

Abstract: The article deals with the features of the handwritten versions of Abai's works, their textual structure and study, including the transcription of the Murseitic version in Cyrillic script, its meaning and relevance, and the problem of studying the linguistic features of the manuscript. It is supposed to introduce the manuscript into scientific circulation not only as a literary material, but also as a language material that reflects the trends in the development of the language. The works of Abai, his reflection in the manuscript and the problems of textual studies are considered from the point of view of modern linguistic trends, the forms of formation and development of the written language are described. We will also discuss the state of the Russian transcription system, difficulties in reading handwritten texts with Chagatai and Arabic graphics. The author studies the orthographic, orthoepic, phonetic, grammatical, and stylistic features of the

handwritten text that are characteristic of the Abai era. In particular, a number of issues were considered and proved by examples, such as the use of affricates, difficulties in spelling suffixes.

Key words: Abai, 175th anniversary of Abai, manuscript of Abai's works, transcription, manuscript, language trends